Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстан жағдайында STEM кәсіби дамыту бағдарламасының тиімділігі үш кезеңдік өлшеу (бастапқы, енгізуден кейінгі, 1 жылдық мониторинг) арқылы алғаш рет динамикалық тұрғыда эмпирикалық дәлелденді. Зерттеу бастапқы бағалау, енгізуден кейінгі өлшем және бір жылдық бақылау кезеңдерін қамту арқылы STEM даярлығының динамикасын сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде жүйелі талдады. Мұғалімдердің STEM туралы білім деңгейі, пәнаралық жобалау дағдысы, өзіндік тиімділігі және оқушылар жетістігі арасындағы өзара байланыс нақты көрсеткіштермен айқындалды.

Зерттеудің ғылыми үлесі – мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген STEM мазмұнын болашақ физика мұғалімдерін даярлау жүйесіне трансформациялаудың ғылыми-әдістемелік моделін негіздеуі. Ұсынылған модель теориялық дайындықты практикалық жобалау, рефлексия және әріптестік қолдаумен ұштастыру арқылы кәсіби құзыреттілікті кезеңдік дамыту тетігін ұсынады. Бұл нәтижелер STEM білімін жүйелі интеграциялауға бағытталған университеттік бағдарламаларды жетілдіруге ғылыми негіз қалыптастырады.

Зерттеу университет пен мектеп арасындағы кәсіби сабақтастықты

күшейту арқылы болашақ мұғалімдердің STEM құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдалған моделін ұсынуды көздейді.

Әдебиеттерге шолу. STEM білім беру тұжырымдамасы жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңғыртудың заманауи бағыты ретінде қарастырылады. Халықаралық зерттеулер STEM тәсілінің пәнаралық интеграцияға, жобалық және проблемалық оқытуға, зерттеушілік әрекетке және тәжірибеге бағытталған білім беруге негізделетінін көрсетеді (Berisha and Vula, 2021). Мұндай тәсіл оқушылардың оқу жетістігін арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, инженерлік ойлау және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді (Agudelo Rodríguez et al., 2024).

Физика пәнін STEM тұжырымдамасы негізінде оқытуда дизайнға негізделген оқыту, жобалық тәсіл және модельдеу стратегиялары ерекше маңызға ие. Бұл тәсілдер теориялық білімді нақты өмірлік мәселелерді шешумен ұштастырып, математикалық және технологиялық компоненттерді пән мазмұнына кіріктіруге мүмкіндік береді. Дегенмен көптеген зерттеулер STEM тәсілінің мектеп деңгейіндегі нәтижелерін сипаттаумен шектеліп, алынған тәжірибені болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне жүйелі түрде енгізу мәселесін толық қарастырмайды.

Осы мәселені нақтылай отырып, Әбілқасымова А.Е. және әріптестері (2024) болашақ мұғалімдерді STEM білім беруге даярлау пәнаралық интеграцияға, жобалық және зерттеушілік оқытуға негізделген жүйелі әдіснаманы талап ететінін көрсетеді. Авторлар STEM-ге даярлау үдерісі тек пәндік біліммен шектелмей, болашақ мұғалімдердің инженерлік ойлауын, цифрлық сауаттылығын және кәсіби рефлексиясын дамытуға бағытталуы тиіс екенін атап өтеді. Сонымен қатар, мектеп тәжірибесінде жинақталған педагогикалық нәтижелерді университеттік даярлау бағдарламаларына ғылыми тұрғыда трансформациялау болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды шарты ретінде негізделеді.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы STEM білім беруді табысты жүзеге асырудың шешуші факторы болып табылады. Тиімді кәсіби даму үздіксіз, мазмұнға бағытталған және рефлексиялық сипатқа ие болуы тиіс. Осы тұрғыда Desimone (2009) ұсынған кәсіби даму моделі мазмұндық тереңдік, белсенді оқыту, ұзақ мерзімділік және кері байланыс компоненттерінің өзара байланысын айқындайды. Аталған модель STEM жағдайында мұғалімдердің пәндік, технологиялық және әдістемелік құзыреттілігін кешенді дамытуға теориялық негіз бола алады.

Қазіргі зерттеулерде STEM білім беруді тиімді жүзеге асыруда цифрлық және SMART технологиялардың рөліне ерекше мән беріледі. Абылқасымова А.Е., Ахмед-Заки Д.Ж. және Жұмабай Н. (2024) Қазақстанның цифрлық білім беру ортасында SMART технологияларды қолдану мұғалімдердің цифрлық және кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды тетігі екенін көрсетеді. Авторлар SMART технологиялар STEM негізіндегі оқытуды қолдап, оқыту

үдерісінің интерактивтілігін, даралануын және нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік беретінін негіздейді. Жоғары білім беру жүйесінде STEM интеграциясын жүзеге асыру құрылымдалған стратегиялық жоспарлауды талап етеді. Осы бағытта PIRPOSAL моделі мақсат қою, ресурстарды жоспарлау, іске асыру және нәтижені бағалау кезеңдерін біртұтас жүйеге біріктіреді. Ал оқу мазмұнын сараптамалық тұрғыда негіздеу үшін Fuzzy Delphi әдісі тиімді құрал ретінде қолданылады, себебі ол сарапшылар пікірін сандық өңдеу арқылы білім беру бағдарламаларының құрылымын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан жағдайында STEM элементтерін енгізу бойынша бірқатар бастамалар жүзеге асырылып жатқанымен, физика мұғалімдерінің нақты даярлық деңгейін анықтау және мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген оқыту мазмұнын университеттік даярлау бағдарламаларына жүйелі түрде трансформациялау мәселесі жеткілікті зерттелмеген. TALIS-2018 халықаралық зерттеуінің нәтижелері де мұғалімдердің кәсіби дамуын институционалдық қолдау деңгейінің елдер бойынша әртүрлі екенін көрсетеді (OECD, 2019). Бұл тұрғыда Әбілқасимова А.Е. және әріптестері (2025) цифрлық технологияларды «мектеп–педагогикалық жоғары оқу орны» кешенінде қолдану болашақ мұғалімдерді даярлауда сабақтастықты қамтамасыз етудің тиімді тетігі екенін дәлелдейді. Авторлар цифрлық орта мектеп тәжірибесін университеттік даярлау жүйесіне жүйелі түрде енгізуге мүмкіндік беріп, теория мен практиканың өзара байланысын күшейтетінін атап көрсетеді.

Абдрахманова (2022) болашақ физика мұғалімдерінің STEM-әдісімен білім беруге дайындығын зерттей отырып, олардың пәнаралық интеграцияны жүзеге асыруда және STEM элементтерін сабақта қолдануда әдістемелік қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. Автор болашақ физика мұғалімдерін даярлау үдерісінде STEM-бағытталған тапсырмалар мен тәжірибелік оқытуды жүйелі енгізудің маңыздылығын негіздейді. Осылайша, ғылыми әдебиеттер STEM тәсілінің тиімділігін, мұғалімдердің кәсіби дамуының және цифрлық технологиялардың маңызын кеңінен мойындағанымен, мектеп деңгейінде жүргізілген педагогикалық эксперимент нәтижелерін болашақ физика мұғалімдерін даярлау мазмұнын жетілдіруге бағытталған кешенді университеттік модельге айналдыру мәселесі жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Аталған ғылыми олқылық осы зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу әдістемесі. Бұл зерттеу физика мұғалімдеріне арналған STEM бағытындағы кәсіби дамыту бағдарламасының әсерін бастапқы қажеттіліктерді анықтау кезеңінен бастап әзірленген бағдарламаны оқытудан кейінгі жедел бағалау және бір жылдық кейінгі бақылауға дейін кешенді талдау мақсатында үш кезеңді ұзақ мерзімді аралас әдіснама негізінде ұйымдастырылды. Зерттеу сандық сауалнама деректері мен ашық сұрақтарға берілген сапалық жауаптарды біріктіру арқылы мұғалімдердің

біліміндегі өзгерістерді, енгізу тәжірибесін, өзіндік тиімділік деңгейін және оқушы жетістігіне ықпалын кешенді қарастыруға бағытталды. Ұзақ мерзімді құрылым қысқа мерзімді нәтижелермен қатар, педагогикалық өзгерістердің тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік берді.

1-кезең (Қажеттіліктерді анықтау) аясында Алматы облысы 164 физика мұғалімі арасында бастапқы сауалнама жүргізілді. Сауалнама STEM бойынша білім деңгейін, сабақта қолдану жиілігін, кездесетін кедергілерді және кәсіби даму қажеттіліктерін анықтауға бағытталды. Қатысушылар аймақтық білім бөлімдері мен кәсіби желілер арқылы тартылды. Үлгінің 82,9%-ын ($n = 136$) әйел мұғалімдер құрады, бұл зерттеу аймағындағы педагог кадрлардың гендерлік құрылымына сәйкес келеді. Еңбек өтілі бойынша қатысушылар барлық кәсіби кезеңдерді қамтыды: 37,8%-ы ($n = 62$) 15 жылдан астам тәжірибеге ие; 20,1%-ы ($n = 33$) 6–10 жыл; 15,2%-ы ($n = 25$) 3–5 жыл; 15,2%-ы ($n = 25$) 11–14 жыл; 11,6%-ы ($n = 19$) 1–2 жыл еңбек өтілі бар. Кәсіби санаттары «Мұғалім» (28,0%), «Мұғалім-модератор» (26,2%), «Мұғалім-сарапшы» (23,2%), «Мұғалім-зерттеуші» (20,7%) және «Шебер мұғалім» (1,8%) болып бөлінді. Білімі бойынша 56,7%-ы бакалавр, 28,0%-ы магистр дәрежесіне ие, ал 15,2%-ында өзге біліктілік түрлері бар. Бұл құрылым әртүрлі кәсіби тәжірибе мен институционалдық контексттерді қамтуға мүмкіндік берді. Қажеттіліктерді анықтау сауалнамасы 22 сұрақтан тұрды және үш бөлімді қамтыды: демографиялық мәліметтер; STEM туралы білім мен практика; кәсіби даму қажеттіліктері. STEM бойынша білім деңгейі үш сатылы шкаламен (білімі жоқ, ішінара біледі, жоғары деңгейде біледі) бағаланды. Сонымен қатар STEM қолдану жиілігі, оқу-әдістемелік ресурстардың қолжетімділігі және STEM-ді инновациялық үдеріс ретінде қабылдау деңгейі анықталды. Сауалнама жабық және ашық сұрақтарды біріктірді. Құрал физика білім беру саласының сарапшылары тарапынан рецензияланып, шағын топта сынақтан өткізілді.

2-кезеңде осы сауалнаманы саралау негізінде физика пәні мұғалімдеріне STEM білім беру жүйесінің негізгі принциптерін меңгерту арқылы пәндер арасындағы интеграцияны тиімді қолдану және оқыту барысында жобалық, пәнаралық тәсілдерді енгізуге дайындау. Сондай-ақ, мұғалімдерінің кәсіби дағдыларын қалыптастыру бойынша стандарттар мен әдістемелік ұсынымдар әзірлеу мақсатында «Физиканы оқытуға STEM білім беру элементтерін интеграциялау» курсы әзірленді. Курс үш модульге жіктелді. 1-STEM Кіріспе, тарихы, методология, 2-STEM оқытуды жоспарлау, курс дизайн, ҚМЖ, факультатив жоспарын құру, 3-STEM box, activity, ресурстар.

3-кезеңде Осы курсқа бастапқы іріктеуден STEM білімі жоқ 46 мұғалім кәсіби дамыту бағдарламасына қатысты. Іріктеу критерийлері: кәсіби өсуге ынта, білім беру ұйымының STEM енгізуге қолдауы, физика немесе кіріктірілген жаратылыстану пәндерін оқытуы және бағдарламаны меңгеруге қолжетімділігі. Бағдарлама шамамен 80 академиялық сағат көлемінде бірнеше апта бойы интенсивті семинарлар мен практикалық жұмыстар

форматында өткізілді. Интервенция тиімді мұғалімдік оқыту қағидаттарына сүйенді: мазмұнға бағдарлану, белсенді оқыту, саясаттық құжаттармен үйлесімділік, ұзақмерзімділік және ынтымақтастық. Бағдарлама төрт компоненттен тұрды. Теориялық модуль STEM білім берудің қалыптасу тарихын, пәнаралық интеграция қағидаттарын, ұлттық нормативтік құжаттарды және жүйелік мүмкіндіктерді қарастырды. Педагогикалық модуль inquiry-based learning, сыни және креативті ойлау, саралап оқыту және физика пәніне бейімдеу стратегияларын қамтыды. Жобалық оқыту модулінде мұғалімдер пәнаралық STEM жобаларын әзірлеп, деректер жинау мен талдау, бағалау критерийлерін құрастыру және жоба қорғау үдерісін меңгерді. Рефлексия және кәсіби қауымдастық компоненті құрылымдалған талқылаулар, құрдастар кері байланысы және кәсіби желі қалыптастыруды қамтыды. Бағдарлама аяқталғаннан кейін 46 қатысушыға жедел пост-сауалнама жіберілді, оның 16-сы (34,8%) жауап берді. Сауалнама мазмұнды меңгеру деңгейін, модульдердің тиімділігін, тренер сапасын, қолдануға дайындықты және енгізу шарттарын бағалауға бағытталды.

4-кезеңде Зерттеу нәтижесін талдай отырып, мұғалімдердің әдістемелік нұсқаулыққа қажеттіліктеріне сай орта мектептің 10-сыныбында физика пәнін оқытудың инновациялық тәсілі қарастырылады. Зерттеу физикалық білімді нақты өмірмен байланыстыру, оқушылардың сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту мәселелеріне арналған. Мақалада элективті курстың құрылымы, мақсаттары, әдістемелік ерекшеліктері және практикалық қолданылуы сипатталады.

5-кезең (Бір жылдық кейінгі бақылау) әзірленген бағдарламаны оқытудан кейін бір оқу жылы өткен соң жүзеге асырылды. 46 қатысушының 27-сі (58,7%) кейінгі бағалауға қатысты. Бұл кезеңде STEM білім беруді қолдану жиілігі, жүзеге асырылған жобалар саны, мұғалімдердің өзіндік тиімділігі және оқушылар жетістігіне ықпалы зерттелді. Бір жылдық кезең жаңа педагогикалық тәжірибені тұрақты оқу үдерісіне енгізу мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік берді. Бір жылдық сауалнама 51 сұрақтан тұрды және жеті бөлімді қамтыды: оқыту контексті; STEM қолдану жиілігі; жоба саны мен деңгейі; мұғалімнің 15 кезең бойынша өзіндік тиімділігі; оқушылардың құзыреттілік дамуы; оқу жетістігіне ықпал; болашақ кәсіби даму қажеттіліктері. Барлық сауалнамалар электронды форматта жүргізілді. Сандық деректер жиілік, пайыз, орташа мән және стандарттық ауытқу арқылы сипаттамалық статистика әдістерімен талданды. Үлгі көлемінің әр кезеңде өзгеруіне байланысты салыстырмалы сипаттамалық талдау басым қолданылды. Негізгі енгізу көрсеткіштері есептелді: белсенді енгізу деңгейі, жоба жүзеге асыру үлесі және қатысушыларды сақтау коэффициенті. Ашық жауаптар индуктивті тақырыптық талдау арқылы өңделіп, енгізу кедергілері мен қолдаушы факторлар айқындалды. Зерттеу тиісті институционалдық этикалық рұқсат негізінде жүргізілді. Қатысу ерікті болды, барлық деректер құпия сақталып, нәтижелер жинақталған түрде ұсынылды. Осы ұзақ мерзімді аралас әдіснама

STEM кәсіби дамыту бағдарламасының физика мұғалімдерінің тәжірибесіне қысқа және ұзақ мерзімді ықпалын жүйелі талдауға мүмкіндік берді.

6-кезеңде Алынған нәтижелер мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген STEM білім беру жағдайында мазмұнын болашақ физика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына енгізудің ғылыми-әдістемелік негізін қалайды. Зерттеу университеттік даярлау жүйесінде мектеп тәжірибесін трансформациялау арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдарын талданды.

Нәтижелер. *1-кезең:* Қажеттіліктерді анықтау нәтижелері. Зерттеудің бастапқы кезеңінде 164 физика мұғалімінің STEM білім беруіне даярлық деңгейі, кәсіби сипаттамалары және оқыту тәжірибесі талданды. 1-кестеде қатысушылардың демографиялық және бастапқы сипатталады.

Кесте 1 – Қатысушылардың демографиялық және бастапқы сипаттамалары (N = 164)

Сипаттама	Санат	N	%
Жынысы	Әйел	136	82.9
	Ер	28	17.1
Еңбек өтілі	1–2 жыл	19	11.6
	3–5 жыл	25	15.2
	6–10 жыл	33	20.1
	11–14 жыл	25	15.2
	15 жылдан жоғары	62	37.8
Кәсіби санаты	Мұғалім	46	28.0
	Мұғалім-модератор	43	26.2
	Мұғалім-сарапшы	38	23.2
	Мұғалім-зерттеуші	34	20.7
	Шебер-мұғалім	3	1.8
Білім деңгейі	Бакалавр дәрежесі	93	56.7
	Магистр дәрежесі	46	28.0
	Басқа	25	15.2
STEM бойынша білімі	Білімі жоқ	46	28.0
	Ішінара білімі бар	104	63.4
	Жоғары (сарапшылық) деңгей	14	8.5
Қазіргі уақытта STEM оқытуы	Ешқашан	89	54.3
	Кейде	43	26.2
	Иә (жүйелі түрде)	15	9.1
	Тек ашық сабақтарда	9	5.5
	Басқа	8	4.9

1-кестеде көрсетілгендей, үлгінің 82,9%-ын әйел мұғалімдер құрады. Педагогикалық еңбек өтілі бойынша 37,8%-ының тәжірибесі 15 жылдан жоғары, ал 11,6%-ы 1–2 жылдық еңбек өтілі бар жас мамандар болды. Біліктілік санаттары бойынша «мұғалім» (28,0%), «модератор» (26,2%), «сарапшы» (23,2%) және «зерттеуші» (20,7%) деңгейлері шамалас үлесті

көрсетті. STEM туралы өзін-өзі бағалау нәтижелері аландатарлық жағдайды көрсетті: 28,0% STEM жөнінде білімі жоқ екенін, 63,4% тек жалпы түсінік деңгейінде екенін, ал 8,5% ғана жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті. Яғни, 91,5% мұғалімнің STEM бойынша жүйелі даярлығы жеткіліксіз. STEM тәсілдерін практикада қолдану жиілігі де төмен болды: 54,3% ешқашан қолданбаған, 26,2% кейбір сабақтарда ғана пайдаланған, ал тек 9,1% тұрақты түрде енгізген (Сурет 1).



Сурет 1 – Қатысушылардың демографиялық құрылымы және STEM бойынша бастапқы даярлық деңгейі (N = 164)

1-суретте жыныстық құрамы а) суретте 82,9% әйел, 17,1%ер мұғалім, ал б) суретте білім деңгейі 56,7% басым бөлігі бакалавр дәрежесінде болған. в) суретте STEM туралы білім деңгейі 63,4% мұғалім аздап хабары бар, 26% білім жоқ, 8,5% сараптамалық ғана білімі болған және оны сабақта қолдану жиілігінің графикалық үлестірімі берілген. Мұғалімдер кәсіби тапшылық ретінде пәнаралық интеграция, STEM жобаларын бағалау критерийлерін әзірлеу, цифрлық технологияларды біріктіру және ресурстарды басқару мәселелерін атады. Практикалық бағыттағы семинарлар (78,7%) мен кәсіби қауымдастықтар (62,2%) ең сұранысқа ие форматтар болды.

2-кезең: Модель концентрлік шеңберлер түрінде ұйымдастырылған және бес негізгі деңгейден тұрады: 1-деңгей: Стратегиялық басқару (сыртқы айналым). Модельдің ең сыртқы шеңберінде “Шешім” және “Ұсыныс” блоктары орналасқан (PIRPOSAL моделінен алынған). Бұл блоктар стратегиялық басқару функциясын атқарады: Шешім блогы: Әкімшілік және ұйымдастырушылық қолдау, ресурстық қамтамасыз ету, мотивациялық жүйе. Ұсыныс блогы: Ғылыми-әдістемелік нұсқаулар, озық тәжірибелер, инновациялық тәсілдер. 2-деңгей: Циклдік процесс (орталық ядро). Модельдің орталық бөлігінде Дезимон циклінің төрт кезеңі орналасқан: Жоспарлау → Оқыту → Қолдану → Рефлексия. Бұл төрт компонент бір-бірімен тығыз байланысты және кері байланыс арқылы үнемі жаңарып отырады. Циклдік процесс модельдің барлық деңгейлерінде қайталанатын. 3-деңгей: Сарапшылық кеңес. Fuzzy Delphi әдісінен алынған “Сарапшылық кеңес” блогы үш міндетті орындайды: STEM құзыреттілігін анықтау – Физика мұғалімдеріне қажетті құзыреттіліктерді анықтау. Физика сарапшыларын талдау – Сарапшылар панелін құру және консенсусқа жету. Сауалнама

жасау – Fuzzy логика негізінде бағалау құралын әзірлеу. 4-деңгей: Іске асыру механизмдері. “Физика пәнінде STEM элементтерін кіріктіру” блогы төрт механизмді қамтиды: Пәнаралық байланыс – Физиканы басқа пәндермен (математика, химия, биология, информатика) интеграциялау. Инженерлік және жобалық тапсырмалар – Дизайн ойлау процесі, нақты өмірлік жобалар. Эксперименттік жұмыстар – Зерттеуге негізделген оқыту, зертханалық және демонстрациялық тәжірибеле. STEM BOX – Қарапайым құралдар мен жабдықтар. 5-деңгей: Білім және бағалау. Модельдің төменгі бөлігінде екі маңызды компонент орналасқан: Білім блогы. Ресурстар мен база. Теориялық білім, әдістемелік материалдар, цифрлық ресурстар - Дағды. Практикалық іскерліктер, педагогикалық техникалар, STEM әдістерін қолдану дағдылары. Бағалау / Өзін-өзі бағалау блогы. Сыртқы бағалау (әкімшілік, әріптестер, оқушылар). Өзін-өзі бағалау (рефлексия, өзіндік талдау) - Келесі циклге түзетулер енгізу.

3-кезең: әзірленген бағдарламаны оқытудан кейінгі тікелей нәтижелер. Біліктілікті арттыру курсына қатысқан 46 мұғалімнің 16-сы қорытынды бағалау сауалнамасын толтырды (кесте 2).

Кесте 2 — әзірленген бағдарламаны оқытудан кейінгі тікелей нәтижелер (N = 16)

Нәтиже көрсеткіші	Санат	n	%
Білімді меңгеру деңгейі	Өте жақсы меңгерді	4	25.0
	Жаксы меңгерді	11	68.8
	Орташа меңгерді	1	6.2
	Төмен деңгейде меңгерді	0	0.0
Тренердің біліктілігін бағалау	Өте жоғары	9	56.3
	Жоғары	7	43.8
	Орташа	0	0.0
	Төмен	0	0.0
Білімді практикада қолдануға дайындық	Толық дайын	6	37.5
	Дайын, бірақ тәжірибе қажет	10	62.5
	Дайын емес	0	0.0

2-кесте деректеріне сәйкес, қатысушылардың 25,0%-ы курс мазмұнын «өте жоғары», 68,8%-ы «жақсы» меңгергенін көрсетті. «Төмен» деңгей белгіленген жоқ. Бағдарламаның ең нәтижелі бөлімдері ретінде пәнаралық жоба әзірлеу (87,5%), сыни және креативті ойлауды дамыту әдістері (75,0%) және STEM сабағын жоспарлау принциптері (68,8%) аталды. Барлық қатысушылар алынған білімді қолдануға дайын екенін білдірді: 37,5% толық дайын, 62,5% қосымша тәжірибе қажет екенін көрсетті.

4-кезең сауалнама нәтижесін талдай отырып, мұғалімдердің қажеттіліктеріне сай орта мектептің 10-сыныбында физика пәнін оқытудың

инновациялық тәсілі қарастырылады. Зерттеу физикалық білімді нақты өмірмен байланыстыру, оқушылардың сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту мәселелеріне арналған. Мақалада элективті курстың құрылымы, мақсаттары, әдістемелік ерекшеліктері және практикалық қолданылуы сипатталады. Элективті курс бағдарламасы төрт негізгі бөлімнен тұрады: 1-БӨЛІМ: Механика - Кинематика және динамика - Жұмыс, қуат және энергия - Импульс және соқтығысу - Айналмалы қозғалыс. 2-БӨЛІМ: Электр және магнетизм - Электр тізбектері - Электромагниттік өріс - Электромагниттік индукция - Тұрақты және айнымалы ток. 3-БӨЛІМ: Толқындар және оптика - Механикалық толқындар - Электромагниттік толқындар - Геометриялық оптика - Толқындық оптика. 4-БӨЛІМ: Қазіргі заманғы физика - Атомдық физика - Ядролық физика - Кванттық құбылыстар - Салыстырмалылық теориясы. Осы электив курстағы әдістемелік тәсілдер қолданылды. Жобалық оқыту, оқушылар практикалық жобалар орындайды. Проблемалық оқыту, нақты проблемаларды шешу арқылы білім алады. Интерактивті оқыту: топтық жұмыс, талқылау, презентация. Эксперименттік оқыту: тәжірибелер мен зертханалық жұмыстар. Оның практикалық қолданылу робототехника және физика. Робототехника физикалық принциптерді практикада қолданудың тамаша мысалы. Элективті курста оқушылар, Қозғалыс физикасын робот жобалауда қолданады. Датчиктер мен сенсорлар арқылы физикалық шамаларды өлшейді. Алгоритмдік ойлау мен физикалық заңдарды біріктіреді. Мысал жоба: “Автоматты жүк көтергіш кран”. Мақсаты: Механика заңдарын қолданып, жүк көтеретін кран жасау. Оның оқыту кезеңдері: 1. Проблеманы анықтау және зерттеу 2. Дизайн жасау және есептеулер жүргізу 3. Прототип құрастыру 4. Тестілеу және талдау. Энергия түрлендіру жобалары. Электромагниттік индукция тақырыбында оқушылар қолдан жасалған генератор арқылы электр энергиясын өндіреді. Бұл жоба энергияның сақталу заңын көрсетеді, Механикалық энергияның электр энергиясына айналуын түсіндіреді. Тұрақты даму мақсаттарымен байланыстырады. Практикалық тапсырма компоненттері: - Мыс сымдардан катушка жасау. Тұрақты магниттерді орналастыру. Айналмалы механизм құрастыру, LED шамды жағу арқылы тестілеу. Инженерлік дизайн циклі. Барлық жобалар инженерлік дизайн циклінің кезеңдерін қамтиды: 1. Проблеманы анықтау: Нақты мәселені тұжырымдау 2. Зерттеу: Ақпарат жинау және талдау 3. Шешім жасау: Идеяларды генерациялау 4. Прототип жасау: Модель құрастыру 5. Тестілеу: Нәтижелерді тексеру 6. Жетілдіру: Қажет болса, қайта жасау. Оқушыларды бағалау жүйесі нақты көрсетілген. Бағалау критерийлері. Оқушылардың жетістіктері келесі критерийлер бойынша бағаланады: 1. Теориялық білім (25%) - Физикалық заңдар мен принциптерді түсіну - Формулалар мен есептеулерді қолдану ұғымдарды түсіндіре алу. 2. Практикалық дағдылар (35%). Құрылғыларды құрастыру және пайдалану, Эксперименттер жүргізу. Нәтижелерді өлшеу және тіркеу. 3. Жобалық жұмыс (25%) - Жобаның толықтығы және сапасы. Шығармашылық

тәсіл. Презентация және қорғау. 4. Командалық жұмыс (15%). Ынтымақтастық дағдылары. Рөлдерді бөлу және орындау. Коммуникация тиімділігі. Формативті бағалау. Курс барысында үздіксіз кері байланыс беріліп отырады: Сабақ сайынғы бақылау. Аралық презентациялар. Өзара бағалау (peer assessment). Рефлексия және өзін-өзі бағалау. Жиынтық бағалау. Семестр соңында оқушылар: - Жобаларын қорғайды. Портфолио ұсынады. Қорытынды тест тапсырады. Рефлексивті есеп жазады.


5-кезең: Бір жылдық кейінгі бақылау нәтижелері. Өзірленген бағдарламаны оқытудан бір жыл өткен соң 27 мұғалім қайта сауалнамаға қатысты (кесте 3).

Кесте 3 — Бір жылдық кейінгі бақылау нәтижелері (N = 27)

Нәтиже көрсеткіші	Санат	n	%
STEM енгізу жиілігі	Әрдайым (аптасына 3–4 рет және одан көп)	7	25.9
	Жиі (аптасына 1–2 рет)	5	18.5
	Кейде (айына 2–3 рет)	12	44.4
	Сирек (семестріне 1–2 рет)	3	11.1
	Ешқашан	0	0.0
Іске асырылған STEM жобалары	0 жоба	4	14.8
	1–2 жоба	17	63.0
	3–5 жоба	4	14.8
	6–10 жоба	2	7.4
Оқушылардың оқу жетістіктеріне әсері	Айтарлықтай жақсарды (15–20%)	9	33.3
	Жақсарды (5–15%)	9	33.3
	Аздап жақсарды (1–5%)	7	25.9
	Өзгеріс жоқ	0	0.0
	Дерек жоқ	2	7.4
Жалпы тәжірибені бағалау	Өте жақсы	9	33.3
	Жақсы	11	40.7
	Қанағаттанарлық	3	11.1
	Аралас пікірлер	2	7.4
	Дерек жоқ	2	7.4

3-кесте деректері бойынша STEM тәсілдерін қолдану жиілігі айтарлықтай артқан. Бірде-бір мұғалім «ешқашан қолданбаймын» деп жауап бермеген. 25,9% аптасына 3–4 рет, 18,5% аптасына 1–2 рет, 44,4% айына бірнеше рет енгізген. Яғни, 88,9% кемінде ай сайын жүйелі қолданған. STEM жобаларын іске асыру көрсеткіші 85,2%-ды құрады. Мұғалімдердің 14,8%-ы үштен беске дейін, 7,4%-ы алтыдан онға дейін жоба орындаған (Сурет 2).


2.1. Соңғы бір жыл ішінде STEM тәсілдемесін сабақтарыңызда қандай жиілікпен қолдандыңыз? Кодтау: 5=Үнемі, 4=Жиі, 3=Анда-санда, 2=Сирек, 1=Ешқашан
25 жауап



Сурет 2 — Соңғы оқу жылында оқушылармен қанша STEM жобасын жүзеге асырғаны туралы ақпарат

2-суретте STEM қолдану жиілігі, жобалар саны және оқушылар үлгеріміне әсерінің үлестірімі беретіндігін келесі жауап арқылы біле аламыз. Мұғалімдердің өзіндік тиімділігі және оқушылар құзыреттілігі. Мұғалімдердің өзіндік тиімділік көрсеткіштері 15 индикатор бойынша 5 балдық шкалада өлшенді. Орташа мән $M = 3,98$ ($SD = 0,18$). Ең жоғары көрсеткіштер: тәжірибе жүргізу ($M = 4,26$), деректер жинау ($M = 4,15$), мәселені анықтау ($M = 4,11$). Ең төмен көрсеткіш – пәнаралық интеграция ($M = 3,67$).

Б.1. Оқушы бақырмалы бойынша, оқушылар STEM жобаларын оқығанда келесідегі индикаторларда қандай деңгейде қиындық кездестіреді? Кодтау: 5-Өте үлкен қиындық, 4-Үлкен қиындық, 3-Орташа қиындық, 2-Ал қиындық, 1-Қиындық жоқ.



Сурет 3 — STEM жобалары барысында оқушылар құзыреттілігінің дамуы (мұғалім бағалауы, $N = 27$)

Оқушылар құзыреттілігінің орташа даму деңгейі $M = 3,89$ ($SD = 0,21$). Ең жоғары даму тәжірибе жүргізу ($M = 4,19$) және топтық жұмыс ($M = 4,15$) салаларында байқалды.

Академиялық жетістікке әсері. Бағдарламаның тиімділігін бағалау мұғалімдердің кәсіби даму динамикасын ғана емес, сонымен қатар оның оқушылардың академиялық жетістіктеріне ықпалын анықтауға бағытталды. Осы мақсатта қатысушылардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері, STEM тәжірибесін қолдану жиілігі және білім нәтижелеріндегі өзгерістер кешенді түрде талданды. Сандық деректер 4-кестеде ұсынылған.

Кесте 4 — Бағдарламаның тиімділігін бағалау және іске асыру көрсеткіштері

Көрсеткіш	Мәні
Бастапқы қажеттіліктерді бағалау қатысушылары	164
Интервенцияға қатысушылар	46
Өзірленген бағдарламаны оқытудан кейінгі сауалнамаға жауап бергендер	16 (34,8% жауап беру деңгейі)
Бір жылдық бақылауға қатысқандар	27 (58,7% сақталу деңгейі)
1 жылдан кейін белсенді STEM қолданушылар (айына кемінде 1 рет)	24/27 (88,9%)
Кемінде 1 жоба іске асырған мұғалімдер	23/27 (85,2%)
Оқушылар үлгерімінің жақсарғанын хабарлаған мұғалімдер	25/27 (92,6%)
Тәжірибені «жақсы» немесе «өте жақсы» деп бағалаған мұғалімдер	20/25 (80,0%)

Мұғалімдердің 92,6%-ы оқушылар үлгерімінің артқанын көрсетті: 33,3% – 15–20% өсім, 33,3% – 5–15% өсім, 25,9% – 1–5% өсім. Ең жоғары пәндік әсер физикада ($M = 4,33$) және жаратылыстануда ($M = 4,26$) тіркелді. Осылайша, зерттеу нәтижелері авторлық кәсіби даму моделінің мектеп тәжірибесінде орнықты өзгерістер туғызғанын және STEM негізіндегі оқыту физика пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы бола алатынын дәлелдейді.

6-кезең. Нәтижелерді трансформациялау және университеттік даярлау жүйесіне енгізу. Алынған зерттеу нәтижелері мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген STEM негізіндегі оқыту мазмұнын болашақ физика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына жүйелі түрде енгізудің ғылыми-әдістемелік негізін қалайды. Педагогикалық эксперимент барысында анықталған оң динамика – мұғалімдердің пәндік, технологиялық және әдістемелік құзыреттіліктерінің артуы – STEM тәсілінің практикалық өміршеңдігін және оны кәсіби даярлау мазмұнына интеграциялау қажеттігін көрсетеді.

Университеттік даярлау жүйесінде мектеп тәжірибесін трансформациялау бірнеше бағытта жүзеге асырылуы мүмкін. Біріншіден, білім беру бағдарламаларының мазмұнына пәнаралық интеграцияға негізделген элективті курстар мен модульдерді енгізу қажет. Бұл болашақ мұғалімдердің STEM философиясын теориялық тұрғыда меңгеріп қана қоймай, оны нақты оқу жағдайында жобалау және іске асыру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, оқу процесінде жобалық оқыту, проблемалық жағдаяттар, зерттеушілік тапсырмалар және нақты өмірмен байланысты кейстер жүйелі қолданылуы тиіс. Мұндай тәсілдер болашақ мұғалімдердің сыни ойлауын, кәсіби рефлексиясын және педагогикалық шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Үшіншіден, мектеп пен университет арасындағы серіктестікті күшейту маңызды. Педагогикалық практика барысында студенттер STEM элементтерін қамтитын сабақтар әзірлеп, оларды апробациядан өткізуі қажет. Бұл теория

мен практиканың өзара байланысын қамтамасыз етіп, кәсіби бейімделуді жеделдетеді.

Төртіншіден, кәсіби құзыреттілікті дамыту үздіксіз процесс ретінде қарастырылып, Desimone кәсіби даму циклі сияқты модельдер негізінде рефлексия, кері байланыс және нәтижелерді талдау кезеңдері жүйелі ұйымдастырылуы тиіс.

Осылайша, зерттеу университеттік даярлау жүйесінде мектептің озық тәжірибесін ғылыми тұрғыда талдап, құрылымдап, мазмұндық тұрғыда бейімдеу арқылы болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдарын ұсынады. STEM негізіндегі оқыту мазмұнын интеграциялау болашақ педагогтердің инновациялық ортада жұмыс істеуіне, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуына және білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері бастапқы кезеңде анықталған STEM құзыреттілігінің төмен деңгейі Қазақстандағы STEM білім беру жағдайын сипаттайтын еңбектермен сәйкес келетінін көрсетті (Zhumabay et al., 2024). Алайда біздің деректер бұл мәселенің ауқымын нақты сандық көрсеткіштермен айқындайды: мұғалімдердің 91,5%-ы STEM жөнінде шектеулі білімге ие болған, ал 54,3%-ы оны тәжірибеде қолданбаған. Бұл көрсеткіштер институционалдық реформалар мен нақты педагогикалық практика арасындағы алшақтықты көрсететін талдауларды эмпирикалық түрде растайды (Kudaibergenova, 2023; Bridges, 2014). Бериша мен Вула (2021) және Rodríguez et al. (2024) STEM педагогикасы дәстүрлі пәндік дайындықтан өзгеше кәсіби ойлауды талап ететінін атап көрсетеді. Біздің нәтижелер бұл тұжырымды нақтылайды: 15 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдердің өзінде пәнаралық интеграцияға қатысты сенімсіздік байқалды. Демек, пәндік тәжірибе автоматты түрде интеграциялық құзыреттілікке айналмайды.

Интервенция кезеңінен кейін қатысушылардың 93,8%-ы курс мазмұнын жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті. 80 сағаттық бағдарламаның құрылымы теориялық мазмұнды практикалық жобалау, рефлексия және кері байланыспен ұштастыруға негізделді. Мұғалімдердің 62,5%-ы алған білімін мектеп тәжірибесінде қолдануға дайын екенін білдіргенімен, қосымша тәжірибе қажеттігін атап өтті. Бұл нәтиже Әбілқасымова (2024) зерттеуінде Lesson Study кәсіби даму бағдарламасына қатысқан мұғалімдердің алған білімін практикада қолдануға оң көзқарас танытқанымен, оны тұрақты түрде енгізу үшін қосымша тәжірибе мен қолдаудың қажет екенін атап көрсеткен тұжырымдарымен сәйкес келеді (Abylkasymova, 2024). Бұл кәсіби өзгерістің кезеңдік сипатта жүретінін көрсетеді: теориялық түсіну – алғашқы қадам, ал тұрақты практикаға көшу үшін жүйелі қолдау қажет.

Desimone (2009) кәсіби дамудың тиімділігі оның мазмұндық бағыттылығы, белсенді оқыту элементтері және рефлексиямен ұштасуына тәуелді екенін көрсеткен. Біздің 80 сағаттық бағдарламамыз осы қағидаттарға негізделді

және енгізуден кейін қатысушылардың 93,8%-ы мазмұнды жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті. Бір жылдан кейінгі мониторинг барысында мұғалімдердің 88,9%-ы STEM-ді ай сайын, 44,4%-ы апталық деңгейде қолданғаны анықталды. Бұл көрсеткіштер Kurup et al. (2019) және Zhumabay et al. (2024) зерттеулеріндегі өзіндік тиімділіктің артуы мен практикалық қолдану арасындағы байланысты нақты деректермен толықтырады.

Бір жылдық кейінгі мониторинг нәтижелері бағдарламаның тұрақты әсерін растады. Қатысушылардың 88,9%-ы STEM элементтерін кемінде ай сайын қолданған, 44,4%-ы апталық деңгейде енгізген, ал 85,2%-ы кемінде бір толыққанды жобаны жүзеге асырған. Бастапқы кезеңде мұғалімдердің жартысынан астамы STEM-ді мүлде қолданбағанын ескерсек, бұл көрсеткіштер педагогикалық тәжірибеде құрылымдық өзгеріс орын алғанын білдіреді. STEM қосымша инновациялық элемент емес, оқу үдерісінің жүйелі бөлігіне айналған. Тұрақты енгізуге ықпал еткен факторлар ретінде мұғалімдер практикалық жоба әзірлеу тәжірибесін, рефлексиялық талдауды, нақты сабақ сценарийлерін дайындауды және әріптестік қолдауды атады. Дегенмен, уақыт тапшылығы, материалдық ресурстардың жеткіліксіздігі және сыныптағы оқушы санының көптігі сияқты институционалдық шектеулер сақталды, бұл STEM енгізудің жеке мұғалім құзыреттілігімен қатар жүйелік қолдауға да тәуелді екенін көрсетеді. Өзіндік тиімділік көрсеткіші орта есеппен жоғары деңгейде болды ($M = 3,98$). Алайда құрылымдық талдау пәндік әрекеттер мен пәнаралық интеграция арасындағы айырмашылықты анықтады: мұғалімдер дәстүрлі физикалық эксперименттер мен деректерді талдауда жоғары сенімділік танытса, инженерлік дизайн мен пәндер арасындағы шынайы байланыстарды құруда сенімділігі төмен болды. Бұл STEM даярлауда пәнаралық ойлауды мақсатты түрде дамыту қажеттігін айғақтайды. Мұғалімдердің өзіндік тиімділік профилі мен оқушылар нәтижелерінің профилі арасында сәйкестік байқалды: мұғалім сенімділігі жоғары бағыттарда оқушылардың оқу белсенділігі мен практикалық дағдылары да жоғары болды. Оқушылар жетістігіне қатысты біздің нәтижелеріміз Жусупкалиева және әріптестері (2023) көрсеткен қорытындылармен сәйкес келеді. Атап айтқанда, мұғалімдердің 92,6%-ы үлгерімнің артқанын хабарлады, ал 33,3%-ы 15–20% өсімді тіркеді. Сонымен қатар ең жоғары динамика физика пәнінде ($M = 4,33$) байқалды, бұл STEM интеграциясының пәндік мазмұнды терең түсінуге ықпал ететінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген STEM мазмұны мұғалімдердің пәндік, әдістемелік және технологиялық құзыреттіліктерін арттыратынын көрсетті. Осыған сүйене отырып, университеттік даярлау жүйесіне: пәнаралық жобалау модульдерін енгізу, теория мен практиканы біріктіретін 80 сағаттық құрылымдалған курс үлгісін қолдану, рефлексия мен әріптестік қолдауды жүйелеу, мектептің озық тәжірибесін оқу бағдарламасына мазмұндық трансформациялау сияқты қағидаттарға негізделген ғылыми-әдістемелік модель ұсынылады. оны

болашақ физика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына енгізудің қажеттілігін айқындады. Педагогикалық эксперимент қорытындылары мұғалімдердің пәндік, технологиялық және әдістемелік құзыреттіліктерінің артқанын көрсетті. Бұл университеттік даярлау жүйесінде мектептің озық тәжірибесін мазмұндық және әдістемелік тұрғыдан трансформациялау кәсіби дайындық сапасын арттырудың тиімді тетігі екенін дәлелдейді.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бастапқы кезеңде физика мұғалімдерінің STEM құзыреттілігі төмен деңгейде болғанын және бұл жағдай институционалдық реформалар мен нақты педагогикалық тәжірибе арасындағы алшақтықты айқын көрсететінін дәлелдеді. Мұғалімдердің басым бөлігінің STEM жөнінде шектеулі білімге ие болуы және оны практикада қолданбауы университеттік даярлау мазмұнын жаңғыртудың өзектілігін айқындады.

Интенсивті, практикаға бағытталған 80 сағаттық бағдарлама енгізілгеннен кейін мұғалімдердің пәндік, әдістемелік және технологиялық құзыреттіліктері едәуір артты. Қатысушылардың көпшілігі курс мазмұнын жоғары деңгейде меңгеріп, STEM тәсілдерін қолдануға дайын екенін көрсетті. Бір жылдық бақылау нәтижелері STEM-ді жүйелі түрде енгізу көрсеткіштерінің сақталғанын және педагогикалық тәжірибеде құрылымдық өзгеріс орын алғанын растады. STEM қосымша элемент емес, оқу үдерісінің тұрақты құрамдас бөлігіне айналғаны байқалды. Сонымен қатар, өзіндік тиімділік пен нақты оқу нәтижелері арасында байланыс анықталды: мұғалім сенімділігі жоғары бағыттарда оқушылардың оқу белсенділігі мен үлгерімі де жоғары болды. Дегенмен, пәнаралық интеграция мен инженерлік дизайн элементтерінде сенімділіктің салыстырмалы түрде төмендігі STEM даярлауда интеграциялық ойлауды мақсатты түрде дамыту қажеттігін көрсетті. Жалпы алғанда, зерттеу мектеп тәжірибесінде тиімділігі дәлелденген STEM мазмұнын университеттік даярлау бағдарламасына жүйелі енгізу болашақ физика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттырудың ғылыми негізделген және практикалық тұрғыдан тиімді тетігі екенін дәлелдейді.

References

Abdrakhmanova H.K. (2022) Bolashaq fizika mugalimderinin STEM-adisimen bilim beruge daiyndygy [Future physics teachers' readiness for STEM-based education]. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series, 108(4). — P. 129-138. (in Kazakh).

Abylkassymova A. (2024) Use of the lesson study professional development program by both STEM and NON-STEM teachers in the educational process. Scientific Journal of Pedagogy and Economics, 407(1). — P. 22-32. (in Eng.)

Abylkassymova A., Akhmed-Zaki D., and Zhumabay N. (2024) Qazaqstannyn cifrlyq bilim beru ortasynda SMART tehnologiyalardyn damuy [Development of SMART technologies in the digital educational environment of Kazakhstan]. Journal of Educational Sciences, 80(3). — P. 4-22. (in Kazakh).

Abylkassymova A.E., Karatayeva M.S., and Berkimbaev K.M. (2024) Bolashaq informatika mugalimderin STEM bilim beruge daiyrlaunyn adisnamalyq negizderi [Methodological foundations

for preparing future informatics teachers for STEM education]. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 412(6). — P. 44-62. (in Kazakh).

Abylkassymova A.E., Zhumabay N., Umiralkhanov A.N., and Zhumaliyeva L.D. (2025). Cifrlıq tehnologiyalar «mektep–pedagogikalyq zhogary oqu orny» kesheninde tiimdi bilim berudin negizi retinde [Digital technologies as a basis for effective education in the “school–pedagogical university” complex]. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 415(3). — P. 63-85. (in Kazakh).

Bakytказы T., Kuralay N., Nursultan J., and Zhumabay N. (2024a, September). Examining the pedagogical abilities and needs of Kazakh physics teachers to implement STEM education. In *International Conference on Interactive Collaborative Learning*. — P. 248-259. Springer Nature Switzerland. (in Eng.)

Bakytказы T., Kuralay N., Nursultan J., and Zhumabay N. (2024b, September). Purpose and characteristics of STEM education in both the United States and Kazakhstan. In *International Conference on Interactive Collaborative Learning*. — P. 260–267. Springer Nature Switzerland. (in Eng.)

Balta N., Japashov N., Bakytказы T., Abdikadyr B., and Nurgaliyeva K. (2024). High school physics teachers' pedagogical discontentment: The effect of curriculum improvement and professional development programs. *Heliyon*. — T. 10. — №. 2. (in Eng.)

Berisha F., and Vula, E. (2021, May). Developing pre-service teachers' conceptualization of STEM and STEM pedagogical practices. In *Frontiers in Education* (Vol. 6, Article 585075). Frontiers Media SA. (in Eng.)

Bridges D. (Ed.). (2014). *Education reform and internationalisation: The case of school reform in Kazakhstan*. Cambridge University Press. (in Eng.)

Daulerkeldi A.D. (2024). STEM tehnologiyasyn bilim 6epy salasynnda qoldanudyn manyzy [The importance of using STEM technology in education]. *Dulaty University Habarshysy*, 4. — P. 9–66. (in Kazakh).

Desimone L.M. (2009). Improving impact studies of teachers' professional development: Toward better conceptualizations and measures. *Educational Researcher*, 38(3). — P. 181-199. <https://doi.org/10.3102/0013189X08331140> (in Eng.)

Jusupkaliyeva, G., Kuanbayeva, B., Saltanova, G., Tumysheva, A., and Rakhmetov, M. (2023). Fizikalyq esepтерdi shygaru uderisinde STEM tehnologiyasyn qoldanu [Application of STEM technology in solving physics problems]. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 404(4). — P. 119–130. (in Kazakh).

Kudaibergenova K. (2023). Mektep mugalimderinin STEM-bilim 6epy adisimen zharatylystanu pandaryn oqytuga дайныдыгы [School teachers' readiness to teach natural sciences using the STEM approach]. *Scientific Journal of Pedagogy and Economics*, 405(5). — P. 7–19. (in Kazakh).

Kurup P.M., Li X., Powell G., and Brown M. (2019). Building future primary teachers' capacity in STEM: Based on a platform of beliefs, understandings and intentions. *International Journal of STEM Education*, 6(1). — P. 10. <https://doi.org/10.1186/s40594-019-0164-5> (in Eng.)

Nurgaliyeva K., Mirkhamitova K., Gabdullina A., and Igenbayeva A. (2023). Analysis of students' satisfaction with distance learning and the advantages and disadvantages of laboratory works with computer simulation of electronic analog circuits. In *Proceedings of the 18th Conference on Electrical Machines, Drives and Power Systems (ELMA 2023)*. (in Eng.)

Rodríguez C.M.A., González-Reyes R.A., Ballen A.B., Merchán M.A.M., and Barrera E.A.L. (2024). Characterization of STEM teacher education programs for disciplinary integration: A systematic review. *Eurasia Journal of Mathematics, Science and Technology Education*, 20(3). — P. em 2408. (in Eng.)

Shageeva F.T., Mishchenko E.S., Chernyshov N.G., Nurgaliyeva K.E., Turekhanova K.M., and Omirzhanov Y.T. (2020). Mezhdunarodnyj proekt ENTER: Novyj podhod k pedagogicheskoy podgotovke prepodavatelej inzhenernyh special'nostej [International ENTER project: A new pedagogical training approach for engineering educators]. *Higher Education in Russia*, 29(6). — P. 65–74. (in Russian).

Sirajudin N., Suratno J., and Pamuti. (2021, March). Developing creativity through STEM

education. In *Journal of Physics: Conference Series* (Vol. 1806, No. 1, 012211). IOP Publishing. (in Eng.)

Zhumabay N., Varis S., Abylkassymova A., Bakytказы T., and Bowen G.M. (2024). Mapping the Kazakhstani STEM education landscape: A review of national research. *European Journal of STEM Education*, 9(1). — P.16. (in Eng.)

Zhumabay N., Yelemessova Z., Balta N., Abylkassymova A., Bakytказы T., and Marynowski R. (2024). Designing effective STEM courses: A mixed-methods study of the impact of a STEM education course on teachers' self-efficacy and course experiences. *Frontiers in Education*, 9. — P. 1276828. (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4